

Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа Хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1168 Жарлығы

Қаулы етемін:

1. Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа Хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Оңалсын Исламұлы Жұмабековке Қазақстан Республикасының атынан Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі шартқа Хаттамаға дипломатиялық арналар бойынша альтернаттар алмасу жолымен қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті